

## **2022 жылға Қарғалы ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 233 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 тіркелген бұйрығына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылға Қарғалы ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Қарғалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қарғалы ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарғалы ауданы әкімі*

*А. Жүсібалиев*

Қарғалы ауданы әкімдігінің 2021  
жылғы 14 желтоқсандағы № 233  
қаулысына қосымша

**2022 жылға Қарғалы ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота**

--	--	--	--	--	--

№ р/н	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері ( жұмыс жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Степное" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	236	3	7
2	"Степное Алтын Астық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	3	1
3	"Велиховка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	35	3	1
4	"ДиЛэнд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	3	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК